

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 шілдедегі № 479 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Нұрлан Байұзақұлы Ермекбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 12 шілдедегі
№ 479 қаулысымен
мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Тараптар)

қалыптасқан өзара достық қарым-қатынастарды және әскери саладағы ынтымақтастықты күшейтуге ниет білдіре отырып,

1999 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін ескере отырып,

Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін нығайту мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Тарапы Тәжікстан Тарапына әскери мүлікті өтеусіз беру түрінде әскери-техникалық жәрдем көрсетеді.

Әскери мүліктің атаулары мен көлемін осы Келісімге қол қойылғаннан кейін 2 ай мерзімде Тараптардың уәкілетті органдары дипломатиялық арналар арқылы келіседі.

Тәжікстан **Тарапы Қазақстан Тарапынан алған әскери мүлікті тек** осы Келісім мақсатында пайдаланады және **үшінші тарапқа бермейді.**

2-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:

Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Тәжікстан Тарапынан – Тәжікстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

Уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

3-бап

Қазақстан Тарапы әскери мүлікті Қазақстан Республикасының аумағынан ("Отар" станциясы, Жамбыл облысы) Тәжікстан Республикасының аумағына ("Рохати" станциясы, Душанбе қаласы) дейін теміржол көлігімен жеткізуді қамтамасыз етеді, онда Тараптардың уәкілетті органдары тағайындаған өкілдер оны тиісті түрде қабылдауды және беруді жүргізеді.

Әскери мүлікті тасымалдау мәселелері Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын әскери тасымалдар саласындағы халықаралық шарттарға сәйкес реттеледі.

Әскери мүлікті Душанбе қаласының "Рохати" станциясына дейін жеткізуге байланысты шығыстарды Қазақстан Тарапы көтереді.

Берілетін әскери мүлікті кедендік тазарту және декларациялау Қазақстан Республикасында Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Берілетін әскери мүлік баждардың, салықтар мен алымдардың барлық түрлерін алудан босатылады.

Тәжікстан Тарапы Тәжікстан Республикасында кедендік рәсімдерді ресімдеу үшін шығыстарды өзі көтереді және жауапты болады.

4-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамалармен ресімделеді.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға және түсіндіруге байланысты даулы мәселелер өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

6-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Қазақстан Тарапының жазбаша хабарламасын Тәжікстан Тарапы дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тәжікстан Тарапына осы Келісімге сәйкес берілетін әскери мүлік толық берілген кезден бастап өз қолданысын тоқтатады, оны Тараптар дипломатиялық арналар арқылы растайды.

2021 жылғы "___" шілдеде Нұр-Сұлтан қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндер бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының Үкіметі
үшін